

"Талас ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы"

Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2023 жылғы 2 қарашадағы № 9-5 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі №377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Талас ауданы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Талас ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Талас ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің №2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

К. Садубаев

Талас аудандық мәслихатының 2023
жылғы 2 қарашадағы №9-5 шешіміне 1
қосымша

Талас ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Реттік сан	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,83
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқты	1 орын	-
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	-

4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,65
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,25
6	Емханалар, медициналық орталық	1 келіп кету	0,06
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,45
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,41
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,32
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханала, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,09
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м2	0,02
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,43
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1м2	0,43
14	Азық-түлік жігн өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1м2	0,72
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1м2	2,21
16	Базарлар,сауда павильондары, дүңгіршіктер, сөрелер	Сауда алаңы 1м2	0,72
17	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м2	-
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1м2	-
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1м2	-
20	Жағажайлар, жолдардан көше сыпырысындысы	Жалпы алаңы 1м2	-
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1м2	0,63

22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,49
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,9
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-
25	Шаштараз, косметикалық салондар	1 жұмыс орын	2,25
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1м2	0,30
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1м2	0,20
28	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқты)	1 жұмыс орны	0,16
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1м2	0,07
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар		0,03
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Талас аудандық мәслихатының 2023 жылғы 2 қарашадағы №9-5 шешіміне 2 қосымша

Талас ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Жинау және тасымалдау	Сұрыптау	Көму	Барлығы
	Құны (қосылған құн салығынсыз)			
Тұрғындар үшін 1 адамға айына	125,26	8,73	15,81	149,8
Жеке тұлғалар үшін м3	1811,00	126,22	228,56	2 165,78
Заңды тұлғалар үшін оның ішінде жеке кәсіпкерлерге м3	1811,00	126,22	405,91	2 343,11

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК